

"2021 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 40 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 255 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 қарашада № 25317 болып тіркелді

Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2021 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4894 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2021 жылға арналған субсидиялар көлемдері осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жамбыл облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Б. Сапарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Жамбыл облысы әкімдігінің

2021 жылғы 5 ақпандағы

№ 40 қаулысына қосымша

2021 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	10000	70 000	700 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	15000	17 939	269 085
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	100000	1 500	150 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	Сатып алынған бас	150000	4 000	600 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	150000	1 500	225 000
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	225000	2 000	450 000
5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	200	1499436	299 887,2
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
1.1	Отандық	Сатып алынған бас	200000	494	98 800
1.2	Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	400000	146	58 400
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	45	3499972	1 57 498,74

2.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	7932500	158 650
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі	Өткізілген немесе өңделген килограмм	20	10200660	204 013,2
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5000	2 148	10 740
Етті құс шаруашылығы					
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату:				
1.1	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	60	3999969	2 3 9 998,14
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады):				
1.1	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген дана	1,1	235200	258,72
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	4000	150 000	600 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	2500	240 000	600 000
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	15000	15000	225 000
3.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қосқарды күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	10000	1730	17300
4.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарактарының құнын арзандату	Өткізілген бас	3000	50 000	150 000
5.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы	1500	6 666	9 999
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100000	50	5000
Шошқа шаруашылығы					

1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	Сатып алынған бас	140000	119	16 660
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	40000	750	30 000
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:					
1.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/ маусым	5000	6000	30 000
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограмм	60	370000	22 200
	Жиыны:				5 328 490

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК